

УДК 32.019.51

М. Ө. Насимов,

*саяси ғылымдарының кандидаты, тәрбие жұмысы
және халықаралық байланыстар жөніндегі
проректор, «Болашақ» университеті (Қызылорда)*

ҚОЛДАНБАЛЫ САЯСАТТАНУ: НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ

Аңдатпа

Саяси ғылымдардағы зерттеулер теориялық және қолданбалы әдістерге сүйенеді. Ғылыми теория эмпирикалық деректерді түсіндіру қажеттілігінен туындайды және тәжірибемен тексерілетіндігі анық. Саяси ғылымдардағы тәжірибелік міндеттерді шешу үшін көптеген теорияларды қолдану қажет.

Теориялық саясаттанудағы зерттеулердің міндеті ғылымның дамуы саналса, қолданбалы саясаттану тәжірибелік міндеттерді шешуді көздейді. Теориялық зерттеулер қолданылатын жаңа ғылыми білім алу мақсатында тәжірибелік нәтиже маңызды және танымал, негізделген, сыннан өткен тәсілдер мен әдістерді пайдалану қажет. Теориялық зерттеулерде негізгі тиімділік өлшемі алынған нәтижелердің жаңашылдық дәрежесі есептелсе, қолданбалы зерттеулер үшін болжам дұрыстығы мен ұсыныстардың тәжірибелік құндылығы маңызды болып табылады.

Ғылыми мақалада саяси маркетинг, саяси менеджмент және саяси болжам қолданбалы саясаттанудың негізгі қызметтері ретінде қарастырылады. Қолданбалы саясаттану негізгі әдістерінің рөлі айқындалды.

Зерттеудің нысаны – қолданбалы саясаттану болып табылады. Зерттеу пәніне қолданбалы саясаттанудың негізгі қызметтері мен әдістері жатады.

Тірек сөздер: мемлекеттік саясат, қолданбалы саясаттанудың негізгі қызметтері, қолданбалы саясаттанудың әдістері, саяси маркетинг, саяси менеджмент, саяси болжам, саяси ахуал.

Jel: D72, D78,E17, P16, M30.

Аннотация

Политическая наука основывается на теоретических и прикладных методах исследования. Научная теория возникает из потребности объяснить эмпирические факты и проверяется практикой. Для решения многих практических задач в политической науке требуется применение множества теорий.

Целью исследования в теоретической политологии является развитие науки, прикладной – решение практических задач. Для получения нового научного знания, ради которого предпринимается теоретическое исследование, важен практический результат, для чего необходимо применять уже известные, обоснованные, апробированные приемы и методы. Для теоретических исследований главным критерием эффективности является степень новизны полученного результата, в прикладных исследованиях – достоверность прогноза и практическая ценность рекомендаций.

В научной статье политический маркетинг, политический менеджмент и политическое прогнозирование рассматриваются как основные функции прикладной политологии. Определены роли основных методов прикладной политологии.

Объектом исследования является прикладная политология. Предметом исследования выступают основные функции и методы прикладной политологии.

Ключевые слова: государственная политика, основные функции прикладной политологии, методы прикладной политологии, политический маркетинг, политический менеджмент, политическое прогнозирование, политическая ситуация.

Jel-коды: D72, D78,E17, P16, M30.

Abstract

Political science are based on theoretical and applied methods research. The scientific theory arises from requirement to explain the empirical facts and checked by practice. The solution of many practical tasks political science requires application of a set of the theory.

Research objective in theoretical political science is development of science, applied – the solution of practical tasks. The practical result is important for receiving new scientific knowledge for the sake of which undertaken theoretical researches what it is necessary to apply already known, reasonable, approved receptions and methods to. For theoretical researches the main criterion of efficiency is degree of novelty of the received result, in applied researches reliability of the forecast and practical value of recommendations.

In the scientific article considered of political marketing, political management and political forecasting the main functions applied political science. Defined roles of the main methods of applied political science.

The research's object is applied political sciences. The research's subject the main functions and methods of applied political science.

Keywords: *state policy, main functions of applied political science, methods of applied political science, political marketing, political management, political forecasting, political situation.*

Jel codes: D72, D78, E17, P16, M30.

Кіріспе

Қоғамдық өмірде мемлекеттік саясат өте маңызды рөл атқарады. Тек мемлекеттік саясат қоғам дамуындағы мерзімі жеткен мәселелерді анықтап, оның пайда болу салдары, күрделілігі, қарама-қайшылықтарын бекітіп, шешу жолдарын табады. Мемлекеттік саясат саласында нақты мәселелерді шешуге бағытталған мемлекеттік-саяси шешімдер қабылданып, жүзеге асырудың бағдарламалары мен құралдары дамытылады. Мемлекеттік саясат құндылықтарын дайындау және енгізу процесі көп қырлы болып табылады. Бұл процестердің ойдағыдай жүзеге асуындағы маңызды қызметті қолданбалы зерттеулер атқарады. Шындықтың шынайы көрінісін қамтамасыз ететін сәтті қолданбалы зерттеулер қажетті шешімдер қабылдауға негіз саналады. Мемлекеттік саясатты ғылыми-сараптамалық қамтамасыз етудің жоқтығы қоғам дамуындағы баяу екпінділік пен қиындықтарды туындатады.

Қазіргі заманғы саяси ғылымдарда зерттеулердің екі деңгейін бөліп көрсетуімізге болады: теориялық және қолданбалы. Бірінші деңгей шеңберінде саясат әлемінің жалпы заңдылықтары зерттеліп, оның өзгерістеріндегі тәсілдері мен бағыттарын анықтау талпыныстары орын алса, екінші саласының өкілдері ағымдағы саяси тәжірибе өзекті мәселелерін қарастырады. Іргелі саясаттанулық талдаулардың маңыздылығын мойындай отырып, қолданбалы зерттеулер күнделікті саяси өмірмен өзара қатыстылығына байланысты маңызды құндылықтарға ие.

Кей тұстарда тәжірибелік саясаттану деп аталатын қолданбалы саясаттану саяси өмірдегі мәселелерді зерттейтін және нақты саяси оқиғаларды талдап, оның алдағы дамуындағы негізгі үрдістерін қалыптастыратын саяси ғылымдардың құрамдас бөлігі.

Қолданбалы саясаттану саласындағы сарапшылық жұмысты ғалымдарға қарағанда, саяси тәжірибеде ұсыныс бере алатын кәсіби сарапшылар мен мамандар қызмет атқару қажеттілігі байқалады. Сондықтан мұндағы еңбек бөлінісі мынадай болмақ: теориялық саясаттанумен жоғары оқу орындарындағы кафедралар мен ғылыми-зерттеу институттары айналысады, қолданбалы саясаттанумен сараптамалық және кеңес беру орталықтары, партиялық құрылымдар жұмыс жасайды.

Қолданбалы саясаттанудың тағы бір ерекшеліктер қатарына қорытынды тәжірибелік міндеттерді шешу нақты белгіленген уақыттық мерзіммен шектелуінде деп ойлаймыз. Бұл шектеулерді көп жағдайда тапсырыс берушілер жасайды. Дегенмен, тапсырыс берушілер ізденіс барысындағы ғылыми қағидалар уақытпен шектелмейтіндігін және нақты теориялық нәтижені алуды жоспарлау мүмкін еместігін ескеруі тиіс. Өз кезегінде сарапшылар қолданбалы міндеттерді шешудегі мерзімінен кешігу сәтсіздікке ұшырату мүмкін екендігін ұмытпағандары абзал. Өйткені қолданбалы зерттеулердің нәтижелілігі мен тиімділігі терең теориялық негіздерге байланысты.

Қолданбалы зерттеулердің нысандық өзгешелігі нақты үдерістер, байланыстар мен қатынастар арқылы өлшенеді. Бұл саяси ғылымдармен айналысатын зерттеушінің қызығушылық саласына шектеу қойғанымен, зерттеудің пәнаралық сипаттамасын арттырып, саясатпен қатар, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, географиялық және психологиялық факторлар ықпалын танытады.

Қолданбалы зерттеулерде мынадай деңгейлерді ерекше атап өтуімізге болады: әдіснамалық (зерттеулерде теориялық немесе тұжырымдамалық тәсілдер қолдану және оның нәтижелерін түсіндіру); әдістемелік (эмпирикалық ақпараттарды өлшеу, жинау және өңдеу әдістерін қолдану, модельдеу және болжау); технологиялық (зерттеулер тәсілдері мен әдістерінің жиынтығы және оның нәтижелерін саяси тәжірибеде жүзеге асыру). Бұл деңгейлер зерттеу нысанының негізгі қызметтері мен әдістерінде көрініс табады.

Саяси зерттеулердегі қолданбалы әдістерді пайдалану мүмкіндік береді: нақты уақытпен белгіленген шақта саяси үрдістер субъектілері алдындағы өзекті мәселелерді шешу

жолдарын табу; болжамдық сипаттағы мәліметтерді, әсіресе саяси құбылыстар, процестер, оқиғалар туралы ғылыми негізделген ақпарат, өзекті ақпараттарды толығымен алу; кез келген құбылыстың тек құрылымдық негіздерін ғана емес, оның өзіне тән белгілерін сипаттау. Бұл тұста бір ғана ықпал етуші факторларға қарағанда оның жиынтығы зерттеледі [1, 732–734-бб.].

Әдебиеттерге шолу

Осы зерттеу жұмысының ғылыми нысанына айналып отырған түсінікті Батыс ғалымдары өткен ғасырдан бастап қарастырып келеді [2, 636–639 бб.], [3, 31–33-бб.], [4, 197–203-бб.]. Тақырып бойынша соңғы жылдары жарық көрген Ю. Ли (Yuhui Li), М. С. Шугарт (Matthew S. Shugart) [5, 23–34 бб.], С.М. Стрикхоуэр (Sara M. Strickhouser), Дж. Д. Райт (James D. Wright) [6, 850–857-бб.] еңбектерінің теориялық маңыздылығы жоғары.

Көрші ресейлік авторлар қатарынан В. Р. Дубичев [7], Б. И. Кретов, А. А. Горбунов [8], М. А. Хрусталев [9], Т. А. Шаклеина [10] еңбектерін ерекше атап өтуімізге болады.

Қазақстандық саяси ғылымдарда берілген сала бойынша зерттеулер аз жүргізілетіндігі байқалады. Ғылыми зерттеулерде көбінесе қолданбалы саясаттанудың көмекші құралдарына мән беріледі. Отандық зерттеушілер арасынан Р.Б. Әбсаттаров [11, 85–108-бб.], Ж. Кенжалин [12], А. А. Кеңесов [13, 110–114-бб.], С.И. Манапова [14, 260–262-бб.], М.М. Мұхтаровалардың [15, 90–93-бб.] еңбектері маңызды деп ойлаймыз.

Сонымен қатар, отандық зерттеушілер американдық ғалымдар Дж. Б. Мангейм мен Р.К. Рич еңбектеріне назар аударады [16].

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысының эмпирикалық деректері В. И. Жуков, Б. И. Краснов, Г. В. Пушкарёва, Дж. Б. Мангейм, Р. К. Рич және т. б. теориялық-тәжірибелік еңбектері арқылы жүргізілді.

Зерттеу жұмысы барысындағы нәтижелерді алу отандық, ресейлік және шет елдік ғалымдар зерттеулерінің теориялық әдебиеттерін салыстырмалы талдау арқылы мүмкін болды. Саяси процестерді және институттарды саясаттанулық тұрғыдан талдайтын әртүрлі тұжырымдамалар және жүйелік-құрылымдық, тарихи-философиялық, институционалды талдау әдістері арқау болды.

Талқылау және нәтижелер

Қолданбалы саясаттанудың негізгі қызметтері. Қолданбалы саясаттанудың негізгі қызметтері саяси талдауларда көрініс табатын саяси маркетинг (саяси нарықты зерттеу және оның қалыптасуына ақпараттық ықпал жасау), саяси менеджмент (саяси топтардың мүдделері мен талаптарын көздейтін саяси шешімдерді жүзеге асыруды дайындау, қабылдау) және саяси болжаммен (саяси жағдайларды талдау, саяси ахуалды реттеу және әлеуметтік консенсуске жету мақсатындағы тәжірибелік кеңестер мен ұсыныстарды дайындау) тығыз байланысты.

Саяси маркетинг бұқара халықтың саяси мінез-құлқын басқару мен реттеуге бағытталған қолданбалы сала. Сала кез келген саяси нысанның сипаттамалық белгісін айқындап, олардың бағдарламалық құжаттары мен ақпараттық сүйемелдеуін даярлайды. Сонымен қатар, саяси құбылыстар мен процестерді зерттеуге бейімделген саяси экономия, менеджмент, саяси әлеуметтану, саяси психология, коммуникациялар теориясы, қоғаммен байланыс сынды ғылымдардың әдістемелік қағидаларын біріктірген пәнаралық сала қызметін атқарады.

Саяси ахуалдың маркетингі бірнеше кезеңдерден өтеді. Бірінші кезеңде саяси нарықтың жағдаяты зерттеліп, түрлі әлеуметтік топтардың көңіл-күйі мен қажеттіліктері анықталады. Өзекті мәселелерді шешуге бағытталған ықтимал қимылдар бойынша халықтың пікірлер сипаттамасы нақтыланады. Екінші кезеңде саяси ықпал жасаудың стратегиясы мен тактикасы қалыптасады. Бұл кезеңде тұрғындардың назарын бағдарламалық құжаттарға

аудартып, нәтижеге жету жолындағы міндеттер, әдістер мен құралдар айқындалады; ықтимал нәтижелер нақтыланып, қолдау білдіретін топтар белгілі болады. Үшінші кезеңде саяси нарықтағы тауарды (бағдарламалық құжаттар және т. б.) алға жылжыту орын алып, халық арасында нақты қызығушылықтарды қалыптастыру мақсатында саяси үгіт-насихат жұмыстары жүргізіледі.

Саяси маркетинг ұғымына байланысты нақты әрі әмбебап түсініктер жоқ. Бұл саяси ғылымдарда алдағы уақытта берілген сала бойынша терең зерттеулер жүргізу қажеттілігін байқатады. Ғалымдар саяси маркетингты мінез-құлық философиясы, әлеуметтік және басқару үрдісі, кәсіби мамандық, ғылым пәні, кез келген ұйымның қызметі, технологиялар ретінде есептейді. Көптеген зерттеушілер типологиясын қарастыру барысында құрамдас бөліктері қатарына электоралдық және саяси-әкімшілік маркетингі жатқызады. Саяси ғылымдарда электоралдық науқан барысында қолданылатын технологиялар бойынша зерттеулер өте көп екендігін мойындауымыз қажет. Керісінше, саяси-әкімшілік маркетингі зерттеуге байланысты еңбектер өте аз.

Саяси-әкімшілік маркетингтің алдына қойған міндеттері электоралды маркетингке сәйкес келе бермейді. Пайда немесе депутаттық мандатқа ұмтылмайтын маркетингтің бұл түрі қоғамдағы әлеуметтік әділеттілікке жету, мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын танымал ету міндеттерін басшылыққа алады.

Көптеген елдердің қазіргі заманғы саяси тәжірибесінде басқарудың танымал түрі ретінде саяси менеджмент саналады. Саяси ықпал жасаудың икемді тәсілі ретінде саяси менеджмент үлкен сұранысқа ие және қолданбалы маңыздылығы жоғары дәрежеде. Уақыт көрсетіп отырғандай, дәстүрлі саяси-әкімшілік жұмысқа қарағанда менеджерлік технологиялардың басымдықтары байқалады. Саяси элитамен өзара тиімді қимылдар жүргізуді түсінген бизнес өкілдері де оның ерекшеліктеріне назар аударуда. Нәтижесінде саяси нарық пен саяси менеджменттің қатар дамуына серпін беретін процестердің орын алуына мүмкіндік туындады.

Саясаттағы басқарудың бір түрі саналатын саяси менеджмент мемлекет және саяси қызметкерлердің беделін жоғарылату, мемлекеттік институттар, саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстардың жағымды тұстарын қалыптастыру, халықтың электоралдық қажеттіліктерін талдау міндеттерімен айналысады. Саяси менеджменттегі саяси-технологиялық басқару саяси тәжірибеде бірнеше өзіндік міндеттерді шешуге ұсыныстар береді: мемлекет беделін нығайту және жағымды бейнесін жасау; саяси бағдарламалар, басқару жобаларын қолдаушылар санын ұлғайту; халықтың электоралдық қажеттіліктерін қалыптастыру; саяси оппоненттерге әсер ету; мемлекеттік шешімдер қабылдайтын тұлғаларға ықпал жасау; халықты саяси қолдауға жұмылдыру.

Бүгінде саяси менеджменттің мынадай негізгі түрлері бар: ұжымдық саяси имиджмейкинг (мемлекеттік және саяси ұйымдар, партиялардың жағымды бейнесін бұқара халық санасында қалыптастыру); имиджмейкинг (мемлекеттік, саяси қайраткердің бейнесін жасау); электоралдық технологиялар (сайлауалды науқанды жүйелі түрде ұйымдастыру); саяси брендинг (халық арасында танымал саяси нышандардың маңыздылығын енгізу және бір идеяда біріктіру); лоббизм технологиялары (басқару шешімдерін қабылдайтын лауазымды мемлекеттік қызметкерлерге ықпал жасауға бағытталған қызмет). Саяси менеджменттің аталған түрлері саяси басқару субъектісі қойған міндеттер бойынша жан-жақты қарастырылады [17, 9-б.].

Саяси менеджмент зерттеу жұмыстары барысында көптеген әдістемелік құралдар пайдаланады. Қолданбалы саясаттанудың бұл саласы да өзгелер секілді іргелес ғылыми әдістерді қолданады. Саяси менеджмент қолданатын әдістерді шартты түрде теориялық және эмпирикалық бөліктерден тұрады деп қарастыруымызға болады. Теориялық әдістердің әртүрлілігі тұжырымдамалық және мінез-құлық тәсілдерінде көрініс табады. Тұжырымдамалық тәсілдерді қолдану барысында жүйелік, жүйелік-қызметтік, сыни-диалектикалық әдістер өз

көмегін береді. Ал мінез-құлық тәсілдерін жүзеге асыру үшін рационалды, когнитивті және бихевиористік әдістер септігін тигізеді.

Саяси процестердің заманауи даму кезеңіндегі болжамның рөлі ғылыми-техникалық прогрестің жеделдеуі, басқару міндеттерінің күрделенуі, қоғамның барлық өмір саласындағы өзгерістер екпінінің жоғарылауымен тығыз байланысты. Саяси болжамның нысаны ретінде саяси жүйе мен саяси процестер, ал пәніне ықтимал саяси оқиғалар, құбылыстар мен процестерді тану жатады. Саяси жүйе немесе оның жеке субъектілерінің келешектегі жағдайы, шешу жолдары мен нәтижеге жету мерзімдері бойынша ғылыми негізделген әзірлемелер дайындалады.

Саяси болжам қолданбалы саясаттанумен бірге теориялық саясаттану шеңберінде де қолданылады. Мұнда әлемнің саяси көрінісіне болжам жасалып, саяси жүйе дамуының ықтимал жолдары ұзақ кезеңдерде көрініс табады. Қолданбалы саясаттанудағы болжам саяси жүйенің ықтимал жағдайы нақты кезеңмен бекітіліп, жедел ұсыныстар саяси шешім түрінде қабылданады.

Саяси ғылымдарда болжамның мына түрлері кеңінен қолданылады: іздеу (зерттеу болжамы); нормативтік (бағдарламалық болжам); үзілмелі; межелді; оперативті; қысқамерзімді (1 айдан 1 жылға дейін); ортамерзімді (1 жылдан 5 жылға дейін); ұзақмерзімді (5 жылдан 15 жылға дейін); алысмерзімді (15 жылдан жоғары). Болжамның бұл түрлерін әзірлеуде төмендегідей қағидаларды ұстанады: жүйелілік, келісушілік, нұсқалылық, үздіксіздік, анықтаушылық.

Қолданбалы саясаттанудың жоғарыда аталған негізгі қызметтері оның әдістерімен тығыз байланысты.

Қолданбалы саясаттанудың негізгі әдістері. Кез келген ғылыми зерттеу деректерді жинау, жүйелеу және қорытуды көздейді, ал оның әдістері зерттеу нысанымен тығыз байланысты. Қолданбалы саясаттанулық зерттеулерді дайындаушы ғалымдар мен сарапшылар көптеген қолданбалы әдістер пайдаланады. Олардың арасында жиі қолданылатын әдіснамалар қатарына контент-талдау, факторлық талдау, SWOT-талдау, сценарлық талдау, сарапшылар (жекелеген азаматтар) сұраулары қорытындысы бойынша талдау әдісі, ойын әдістері және т.б. жатады. Әлеуметтік топтарды зерттеуде сауалнамалық сұраулар, сұхбаттасу, бақылау; саяси институттарды зерттеуде салыстырмалы (компаративтік) талдау; саяси көшбасшыларды зерттеуде тестілеу, бақылау, өмірбаян мәліметтерін талдау қолданылады.

Контент-талдау (ағылшын – Content analysis). Бұл әдіс орын алған саяси ахуалды объективті, жүйелі, сандық және сапалық зерттеудің техникасы болып табылады. Әдіс арқылы қажетті құжаттардың ақпараты заманауи компьютерлік өңдеуден өтіп, нақты саяси есімдер мен оқиғалардың айтылу жиілігі айқындалып, зерттеу нысанына айналған саяси құбылыстың маңызды тұстары сандық және сапалық әдістермен өлшенеді. Сандық контент-талдау ерекшеленіп көрсетілген категорияларды санаудың стандарттық процедуралары бойынша жүргізеді. Қорытынды нәтижелерді көрсету үшін категорияның сипаттамаларын беретін көлемдік көрсеткіштері айқындалады. Сапалық контент-талдау мәтіндік материалдық мазмұнын терең зерттеуде категорияның контексті негізінде қалыптасқан қорытынды нәтиже мәтін құрылымындағы мазмұндық элементтері мен қатыстық ерекшеліктері арасында өзара байланысы ескеріледі.

Контент-талдаудың негізгі қағидаларында ақпараттың статистикалық және ресімдеу маңыздылығы ерекше мәнге ие. Әсіресе, бұл қағида бұқаралық ақпарат құралдары, интернет дереккөздері, радио мен теледидардағы сараптамалық бағдарламалар саяси бағытының тиімділігін анықтауға көмегін тигізеді.

Аталмыш әдісті қолдану барысында туындаған мәселелерді анықтау мынадай санаттар арқылы жүзеге асады: билік ұстанымы (нормативті құжаттарды қабылдау және өзгерту, басқарушы лауазымды азаматтардың мәлімдемелері); мемлекеттік саясат мәселелері (құқықтық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, ұлттық-мәдени салалар); билік пен халық арасындағы өзара байланыс (саяси қатысу, кері байланыс); мәселенің айтылу жиілігі

(жағымды, жағымсыз, бейтарап бағалаулар); дамуы қажет нысанды жетілдіру (экономикалық дамыту, қауіпсіздікті қамтамасыз ету); шешімді оңтайландыру (түрлі кеңестер арқылы жеке шешімдер); халықаралық саясаттағы мәселелер (құқықтық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, ұлттық-мәдени салалар).

Факторлық талдау (ағылшын – Factor analysis). Кез келген қызметтің нәтижесіне ықпал жасау ішкі және сыртқы орта факторларына байланысты. Алғаш рет психометрикада қолданылған талдау бүгінгі таңда тек психологияда ғана емес, саясаттану, әлеуметтану, экономика мен статистика салаларында қолданылады. Аталмыш әдіс көптеген эмпирикалық мәліметтерді жинақтауға ықпал жасап, негізгі үрдістерді айқындайды. Өзара байланысты негізгі факторларды біріктіре отырып, мәселелер арасындағы құбылмалылықты табады.

Кейбір ғалымдар фактор түсінігін синонимдес ретінде «себеп» немесе «ықпал» деп аударып жүр. Дегенмен, фактор ұғымының мағынасы өте кең. Түсініктің мәнін анықтауда қоғамдық сала қызметіндегі жоспарлау мен сараптаулар бойынша нәтижелік көрсеткіштерге тұрақты ықпал жасайтын себеп-салдардың байланысын айтуымызға болады.

Факторлық талдау детерминациялық және стохастикалық әдістерге сүйенеді. Детерминациялық әдіс нәтиже көрсеткіштеріне тікелей ықпал жасайтын, сандық өлшемдерге бейімделген объективті заңдылықтар, өзара байланыстар мен өзара шарттылықты зерттейді. Өз кезегінде детерминациялық әдістер аддитивті, мультипликативті, аралас, айырмашылық, түзетілген көрсеткіштер модельдерін басшылыққа алады. Стохастикалық әдістер тікелей байланыстылығы мен нәтижелік көрсеткіштерге тікелей ықпал жасау мүмкіншілігі жоқ факторларды анықтайды. Стохастикалық факторлар ықпалын есептеу үшін корреляциялық, саралау, кемімелік және сызықтық бағдарламалау тәсілдері пайдаланылады [18, 7–12-бб.].

SWOT-талдау. Саяси механизмдердің стратегиялық ахуалдық талдауын жүргізетін бұл әдістің табысқа жетудегі түйінді факторлары мыналар: тарихи алғышарттар; заңнамалық құжаттар мен саяси орта; болжамды немесе ықтимал өзгерістер; мемлекеттің экономикалық жағдайы; мемлекеттің экономикалық-демографиялық халі; халықаралық орта. Сонымен қатар, тұрақтылыққа ықпалын тигізетін барлық мүмкіндіктер мен қатерлер мәнін ашатын үрдістер сарапталуы қажет.

Ғылыми және әдістемелік әдебиеттерде стратегиялық менеджмент ұғымына қатысты бірнеше анықтамалар ұсынылады. Дегенмен, олардың барлығы төмендегі үш әдістермен тығыз байланыста болады: ұйымдастырушылық өлшемдеріне назар аударатын әдіс (қоршаған ортаны сараптау); ұйымның ұзақмерзімді мақсаттары мен оған жету жолдарына сүйенетін әдіс (мақсаттары мен құралдары); стратегияны орындау барысында қызметтік әрекеттерді басты мақсат тұтатын әдіс (қызметтік тәсіл) [19, 5-б.]. Бірінші әдіс стратегиялық жоспарлау тәсілдерімен өзара байланысты. Қолданылу барысында қоршаған ортаның ықпалы көп әсер етеді. Екінші әдіс бойынша ұйымның мақсаттары анықталу негізіндегі оған жетудің басты құралдарына сүйенеді. Ал, үшінші әдісте стратегиялық сараптама, таңдау және орындау қимылдарына мән беріледі. Сондықтан стратегиялық менеджментті бәсекелестік күнделікті орын алатын қоғамда пайдаланған тиімді.

Талдау барысында зерттеу нысанының жағымды (Strengths) және жағымсыз жақтары (Weaknesses), мүмкіндіктері (Opportunities) мен қатерлері (Threats) зерттеледі. Отандық ғылымда зерттеудің бұл түрін қолданушылар алғашында қарапайым түрде төрт бөлімге бөлінген шаршы ішіне мәселенің жағымды, жағымсыз жақтары, мүмкіндіктері мен қатерлерін тізбектеді. Зерттеу әдісі оңай көрінгенімен, саяси шешімдерді қабылдаудың кейінгі кезеңіне қажетті қорытындылар ұсынылмаса, негізгі төрт нәтижелер көрсеткіші өз мағынасын жоғалтады. Нақты және терең қорытындылар зерттеудің барлық сатысында жүруі керек және мәселенің төрт тарабын анықтау арқылы жағымды, жағымсыз тұстары, мүмкіндіктері мен қатерлерін түзетуге күш салу маңызды болып табылады.

Сценарлық талдау (ағылшын – Scenario analysis). Бұл әдіс көбінесе саяси болжауда қолданылады. Оның негізіне анықталған бағыт бойынша болжам арқылы жүзеге асатын оқиғалар сценарийлерін дайындау жатады. Жаңа қырынан көрсетілген оқиғалар даму үрдісінің мүмкіндіктерін танытуға септігін тигізеді. Сценарий қорытынды нәтиженің тиімді және

лайықсыз процестеріне ықпал жасау мүмкіндігін бағалауға көмектеседі. Тиімді нәтиже саяси, әлеуметтік және технологиялық ортаны жүйелі бақылауға негізгі себеп болады. Сондықтан әдіс стандартты емес ахуалды сараптау мен жоспарлауға мүмкіндік береді. Ол арқылы қандай мезгілде қолайлы немесе қолайсыз жағдай қалыптасатындығы айқындалады.

Сценарлық талдауды жүргізу кезеңдерінің мынадай заманауи тәсілдерін атап көрсетуімізге болады: зерттеу нысанының ішкі ортасын талдау; сценарийлер әзірлеу (ауыспалы өзгерістерді таңдау, түрлі нәтижелер қорытындыларын жобалау және дайындау); даму стратегияларын әзірлеу (дамудың ықтимал сценарийін ұстану, келісімге бару, икемділікті сақтау, нәтиже қорытындыларына ықпал жасау).

Сарапшылар (жекелеген азаматтар) сұраулары қорытындысы бойынша талдау әдісі. Қолданбалы саясаттануда саяси оқиғаларға тікелей немесе жанама қатысушылар арасында жүргізілетін сұраулар әдісі кеңінен қолданылады. Ақпаратты анықтау, жинақтау және жүйелендіру жекелеген азаматтармен сұхбаттасу немесе көпшілікпен сауалнамалар жүргізу арқылы жүзеге асады. Нәтижелер дайындауда математикалық әдістерді қолдану сенімді деректер көзін жетілдіріп, саяси болжамдар мен ұсыныстардың ғылыми негізділігін жоғарылатады.

Әдіс нәтижелері белгілі сала бойынша маманданған сарапшылар сұраулары қорытындыларына сүйенеді. Саяси сараптаманың заманауи тәжірибесінде топтық сарапшылар бағалауы ерекше мәнге ие. Бұл тұста ақылдылар сарабы әдісіне ерекше мән берген дұрыс.

Ақылдылар сарабы (орысша – мозговой штурм; ағылшынша – brainstorming) арқылы жаңа идеяларға ұмтылған сарапшылар тобының өзара байланысынан туындаған шешімдер пайда болады. Дұрыс ұйымдастырылған ақылдылар сарабы міндетті үш сатыдан өтуі тиіс: мәселенің қойылуы немесе бастапқы кезең (міндет тұжырымдалады және жазылады); идеяларды іздестіру (идеяларды тудырушылар мен сарапшылар жұмысы); идеяларды топтастыру, сұрыптау, бағалау (сарапшылар шешімдер ізденісіне қатысады).

Ойын әдістері. Аталмыш әдіс кез келген саяси үдерістерді ойын арқылы күрделі саяси оқиғалардың даму нұсқаларын болжауға мүмкіндік жасайды. Мәселен, рөлдік ойын арқылы алдағы болуға тиісті саяси келіссөздер мүмкіндіктерін анықтауға болады.

Ойын әдістерін ұйымдастыру негіздерінде бірнеше қағидаларды ұстану қажет: жүйелілік (ойын адамзат қызметінің біртұтас жүйесі ретінде бағдарламаланады және жүзеге асырылады); ұжымдық жауапкершілік (ойын нәтижесі кеңесшілер мен тапсырыс берушілер шешімімен тығыз байланысты); жеке-даралылық (ойынды жүргізуші атқарылатын тақырыптың мазмұндық, әдістемелік және ұйымдастыру жұмыстарына назар аударады; топтың психологиялық жағдайын бақылайды); өзіндік бағдарламалау (қатысушылар ойынның жаңа ережесін ұсына отырып, жұмыстың түрі мен әдістерін таңдай алады); өздігінен даму (әрбір ойын бұрын өткен тапсырмаларға ұқсамайды, жаңа тұжырымдамалар мен идеялар туындап, сыннан өтеді); бақыланбалы күрес (қатысушылар өзара байланысы бәсекелестік қағидасымен ұштасып, конструктивті қақтығыс әдістерін қолдануға болады); дамытпалы оқыту (ойын жаңа нақты шешімдер ізденістерімен қатар, қатысушылардың тұлғалық дамуына ықпалы).

Ойын әдістерінің кезеңдері мәселелерді шешу бағдарларына сәйкес келесі сатылардан тұрады: міндет диагностикасы, ахуалды саралау, мәселені тұжырымдау, мақсаттарды айқындау, шешімдерді әзірлеу, жобаны жүзеге асыру бағдарламасын қалыптастыру, бағдарламаны тәжірибелік іске асыру.

Салыстырмалы талдау (ағылшын – Comparative analysis). Салыстыру ғылыми талдаудың классикалық әдісі болып табылады. Салыстырмалы саясаттану түрлі саяси жүйелер мен режимдердің жалпы айырмашылықтары, басымдықтары мен кемшіліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Американдық ғалым Б. Г. Питерс (Peters B. G.) салыстырмалы талдаудың мынадай негізгі түрлерін атап көрсетеді: мемлекет саясатына сипаттама; сараптамалық жұмысқа таңдап алынған мемлекеттердің ұқсас процестері мен институттарын сараптау; жекелеген мемлекеттердің ішкі саясатын анықтауға бағытталған әдістерді пайдалану; географиялық немесе эволюциялық көрсеткіштеріне қарай мемлекеттер жиынтығын статистикалық немесе

дескриптивті талдау; саяси жүйелердің құрылымын айқындауға бағытталған статистикалық талдау [20, 10-б.].

Қорытынды

Қазіргі заманғы саяси ғылымдар бірін-бірі толықтырып отыратын және шығармашылық дамудағы кепіл саналатын күрделі іргелі және қолданбалы саяси әдістерге ие. Зерттеу жұмысы көрсетіп отырғандай, қолданбалы саясаттанудың негізгі қызметтері мен әдістері бір-бірімен тікелей байланысты. Дегенмен, зерттеу нысанын ғылыми тұрғыдан қарастыру аз жүргізілетіндігі байқалып, күрделіліктер туындатты. Зерттеулердің басым бөлігі қолданбалы саясаттану ғылыми мүмкіншіліктерін анықтау мәселелеріне қарағанда, оның әдістеріне назар аударылатындығы айқындалып отыр.

Қолданбалы саясаттанулық зерттеулердің өнімі абстрактылы қорытындыларға қарағанда, саяси процестердің нақты қатысушыларына ахуалдың дамуына байланысты тәжірибелік кеңестер, ұсыныстар, болжамдар мен сценарийлер маңыздылығымен өлшенеді. Зерттеу жұмысы көрсетіп отырғандай, қолданбалы саясаттанудың нәтижелік қорытындылары мен ұсыныстары билік өкілдеріне тікелей бағытталады, қоғамдық пікірде жағымды ой қалыптастыру үшін зерттеулер арқылы өз үлесін қосады.

Қазақстандық саяси ғылымдарда қолданбалы саясаттанулық зерттеулер әлсіз дамып жатқандығын мойындауымыз қажет. Саяси ахуалды талдау, саяси болжамдар әзірлеу, саяси шешімдер қабылдауға қатысты ғылыми негізделген ұсыныстардың болмауы саяси ғылымдардың оңтайландыру бойынша ұсыныстар дайындауына кедергілер келтіреді. Бұл өз кезегінде саяси институттардың қоғамдық өмірдегі орнын әлсіретуге әкеледі. Сондықтан саяси өмірдегі қатынастарды қолданбалы саясаттану арқылы зерттеуге басымдық беріп, аталмыш ғылым саласының қарқынды дамуына мүмкіндіктер жасауымыз қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Общая и прикладная политология / под общ. ред В. И. Жукова, Б. И. Краснова. – М.: РГСУ, 2001. – 992 с. – С. 732–734. – ISBN5-7139-0230-77.
- 2 Andres G. J. *Applied Political Sciences: Bridging the Gap or A Bridge Too Far?* // *Political Science & Politics*. – 1989. – Volume 22, Issue 03. – pp. 636–639.
- 3 Messing S. *Notes on the Role of Applied Political Science in Anthropological Field Work. Human Organization*. – 1958. – Volume 17, Issue 2. – pp. 31–33.
- 4 Nagel S. S. *Political Science Applied to Aging Polycy* // *Policy Studies Journal*. – 1984. – Volume 13, Issue 1. – pp. 197–203.
- 5 Li Y., Shugart M. S. *The Seat Product Model of the effective number of parties: A case for applied political science* // *Electoral Studies*. 2016. – Volume 41. – pp. 23–34.
- 6 Strickhouser S. M., Wright J. D. *Applied Social Research, History of* // *International Encyclopedia of the Social & Behavioral Sciences (Second Edition)*. – 2015. – pp. 850–857.
- 7 Дубичев В. Р. *Практическая политология*. – М.: Флинта, 2015. – 480 с. – ISBN978-5-9465-2424-8.
- 8 Кретов Б. И., Горбунов А. А. *Прикладная политология*. – М.: Высшая школа, 2009. – 303 с. – ISBN 978-5-06-005884-0.
- 9 Хрусталева М. А. *Методология прикладного политического анализа*. – М.: Проспект, 2011. – 160 с. – ISBN 5-3920-1086-5.
- 10 Шаклеина Т. А. *Введение в прикладной анализ международных ситуаций*. – М.: Аспект Пресс, 2014. – 256 с. – ISBN 5-7567-0736-0.
- 11 Әбсаттаров Р. Б. *Саяси маркетинг: теориялық талдау* // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы. «Әлеуметтану және саяси ғылымдар» сериясы. – 2011. – №2. – 85-108 бб.
- 12 Кенжалин Ж. *Саяси менеджмент және баспасөздің жұртшылықпен байланыс мәселелері*. – Алматы: Тоғанай Т., 2010. – 184 б. – ISBN 978-601-289-012-9.
- 13 Кеңесов А. А. *Саяси менеджменттің қалыптасуын зерттеудегі тарихи-әлеуметтік мәселелер* // *Қазақстандағы азаматтық қоғамның дамуындағы үкіметтік емес ұйымдардың орны: Халықаралық ғыл. конф. материалдары*. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 110–114-бб.
- 14 Манапова С. И. *Саяси маркетинг және саяси жарнама* // *Қазақстан мемлекеттілігінің рухани-мәдени негіздері: республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдар жинағы*. – Алматы, 2012. – 260–262-бб.

- 15 Мухтаров М. М. *Политический маркетинг: концепция и технология* // Қазақстан жоғары мектебі = Высшая школа Казахстана. – 2014. – № 1. – С. 90–93.
- 16 Мангейм Дж. Б., Рич Р. К. *Политология: методы исследования*. – М.: Весь мир, 1997. – 544 с. – ISBN 5-777-016-07
- 17 Пушкарева Г. В. *Политический менеджмент*. – М.: Дело, 2002. – С. 9. – 400 с. ISBN 5-7749-0282-X.
- 18 Абдукаримов И. Т. *Факторный анализ и методика цепных подстановок* // Актуальные вопросы экономики и управления. – 2015. – Т. 10. - №2. – С. 7–12.
- 19 Волкогонова О. Д., Зуб А. Т. *Стратегический менеджмент*. – М.: ИД «Форум» –ИНФРА-М, 2011. – С. 5. – 256 с. – ISBN 978-5-8199-0120-5.
- 20 Peters B. G. *Comparative Politics. Theory and Methods*. – N.Y.: Palgrave, 1998. – p. 10. – 272 p. – ISBN 978-0-8147-6668-2.

Дата поступления статьи в редакцию 17.05.2016